	«С. Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С. Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Клиникалық фармакология кафедрасы	Пікір
		Редакция 2 беттің 1 беті

8D10103 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Жанар Болатбековна Абуованың «Офтальмологияда жаңа дәрілік затты қолдануды эксперименттік негіздеу» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, ҚР ҰҒА академигі, м.ғ.д., профессор Қайролла Дүйсенбайұлы Рахимовтың
ПІКІРІ


Республикада Денсаулық сақтаудың маңызды міндеттерінің бірі - ұлттық дәрі дәрмек саясатын іске асыру, атап айтқанда халықты жаңа тиімді, зиянсыз, қолжетімді дәрілермен қамтамасыз ету, импортқа тәуелділікті азайту, жаңа дәрілік заттарды іздестіру, іс жүзінде пайдалану үшін олардың негізінде препараттарды енгізу болып табылады. Өсімдік ресурстарын тиімді пайдалану және сақтау-мемлекет аралық деңгейдегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Абуова Ж.Б. докторлық диссертациясын өзекті мәселеге – көз ауруларын емдеуге арналған отандық инновациялық дәрілік заттарды дайындау және клиникаға дейінгі зерттеу, офтальмофармакологиясын дамытуға арналған. Алғашқы рет елімізде өсетін мақсары өсімдігінің емдік мақсатта қолданылуы, биологиялық белсенді заттардың химиялық құрамы мен фармакологиялық белсенділігі және мақсарының медицинада қолдану перспективалары, мақсары құрамындағы линол қышқылының көздің құрғау синдромындағы маңызы, сонымен қатар көздің құрғау синдромы кезінде интерлейкиндердің маңызы көрсетілген.

Диссертант отандық және шет елдердің ақпаратына дербес шолу және талдау жүргізді, докторлық диссертация бойынша зерттеулердің барлық фрагменттері орындалды, орындалған зерттеу нәтижелерімен расталды. Зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы мен негізділігі зерттеу нысанасына сәйкес келетін әдістер жүйесінің нақты айқындылығымен қамтамасыз етілді. Диссертацияның ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, сондай-ақ зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігіне күмән тудырмайды.

Өсімдік шикізаты негізінде көмірқышқылды экстрактысының қауіпсіздігін анықтау бойынша зерттеулердің дәлелді базасы клиникалық сынақтар үшін пайдалану ұсынысымен жүргізілді. Клиникалық маңызды микроорганизмдерге *Candida albicans* ATCC 10231, *Escherichia coli* ATCC 8739, *Staphylococcus aureus* ATCC 6538-P микробқа қарсы белсенділіктері анықталды.

Оның компонентті құрамын анықтау, қауіпсіздігі мен фармакологиялық белсенділікті бағалау бойынша зерттеу нәтижелері барлық қойылған міндеттер толық көлемде орындалды.

	«С. Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С. Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Клиникалық фармакология кафедрасы	Шікір
		Редакция 2 беттің 2 беті

Абуова Жанар зерттеу жұмысы бойынша дағдыларды меңгерді, клиникалық фармакология кафедрасының ғылым-білім беру процесіне белсене қатысты.

Диссертант профессорлық-оқытушылық құрамы арасында және студенттермен қарым-қатынаста сыпайы және мейірімді, адал, еңбекқор, жауапты және докторантурада оқу кезеңінде өзінің білімділігі мен жоғары жауапкершілігімен ерекшеленді.

PhD-докторантурада оқу барысында өзін алғыр, ғылыми зерттеулерді тиянақты орындайтын, болашағынан зор үміт күттіретін жас ғалым ретінде көрсетті. Сондай-ақ, диссертациялық жұмыс нәтижесі бойынша диссертант С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың «Үздік түлек – 2022» дипломымен және медалімен марапатталды.

Докторантурада оқу барысындағы ғылыми зерттеулер «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің» Атчабаров атындағы ҚМ ҒЗИ эксперименталды медицина зертханасында және фармацевтикалық технологиялар және инженерлік пәндер кафедрасында, клиникалық фармакология кафедрасында, Полимерлік материалдар және технологиялар институтында (Алматы қ.), Халықаралық GLP сертификаты бар «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми зерттеу орталығы» АҚ базасында жүргізілді.

Диссертацияның негізгі ережелері 23 жарияланымда көрсетілген, оның ішінде 1 мақала Scopus және Web of Science Core Collection деректер базасына кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда; 4 мақала ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда; 8 мақала мен тезистер халықаралық конференциялар жинақтарында; 2 монография, ҚР 2 пайдалы үлгіге патент, өнертапқыштық патентке 1 оң нәтиже, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы 5 авторлық куәліктер алынды.

Докторант Абуова Ж.Б. жоспарланған ғылыми зерттеулерді толық көлемде жүргізіп, зерттеу мақсаты мен міндеттерін орындады.

«Офтальмологияда жаңа дәрілік препаратты қолдануды эксперименттік негіздеу» диссертациясының тақырыбы бойынша ғылыми зерттеу толық көлемде өз уақытында аяқталды және нәтижелері 8D10103- «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қоғамдық қорғауға ұсынылды.

**Ғылыми кеңесші,
ҚР ҰҒА академигі, м.ғ.д., профессор,
клиникалық фармакология
кафедрасының меңгерушісі**



Рахимов Қ.Д.